«ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ ӨНЕР КОЛЛЕДЖІ – ӨНЕРДЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ» КЕШЕНІ» КММ

КГУ «КОМПЛЕКС «КОЛЛЕДЖ ИСКУССТВ - СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ШКОЛА-ИНТЕРНАТ ДЛЯ ОДАРЕННЫХ В ИСКУССТВЕ ДЕТЕЙ ИМЕНИ ЕРМЕКА СЕРКЕБАЕВА»

**Қарастырылған:**
**Рассмотрено:**
на заседании ПЦК «Пение»

протокол №10
председатель ПЦК
Габидуллина В.Ф. ________
«28» августа 2023 года

**Келісілген:**
**Согласовано:**

заместитель директора
по профильной работе
Хамзина А.С. ________

**Бекітілген:**
**Утверждено:**

решением МС КГУ «Комплекс «Колледж искусств - ШОД»
председатель Рыжик Г.Л.
«31» августа 2023 года

# ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
# РАБОЧАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

# АСПАПТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ
# (ДӘСТҮРЛІ ӘН)
# ИНСТРУМЕНТАЛЬНОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ
# (ТРАДИЦИОННОЕ ПЕНИЕ)

(ПӘННІҢ АТАУЫ/НАИМЕНОВАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ)

Петропавл қаласы, 2023 жыл

Составитель: Гафуров К.К., преподаватель музыкальных дисциплин ПЦК «Казахские народные инструменты»

Рецензенты:

Габидуллина В.Ф. – председатель ПЦК «Пение»

Айтбаев Ж.Х. - преподаватель музыкальных дисциплин ПЦК«Пение»

Утверждена методическим советом КГУ «Комплекс «Колледж искусств – специализированная школа-интернат для одарённых в искусстве детей имени Ермека Серкебаева»

Регистрационный номер №3

Дата регистрации 31.08.2023

**Мазмұны**


1. Түсіндірме жазба ..........................................................................................
2. Пәнді оқытуда жоспарланған нәтижелер ...............................................
3. Пәннің тақырыптық жоспары және мазмұны .......................................
3.1 Пәннің тақырыптық жоспары ....................................................................
3.2 Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының жоспары ....................................
4. Оқытудың жоспарланған нәтижесін бақылау .......................................
5. Әдебиеттер және оқыту құралдары .........................................................

**5 – 34 сағ.**
**6 – 34 сағ.**
**7 - 34 сағ.**
**8 - 34 сағ.**
**9 - 34 сағ.**
**Барлығы: 170 сағ.**

## Түсіндірме жазба

«Аспаптық сүйемелдеу ( домбыра)» пәні жеке (тәжірибелік) пән. Пәнді оқыту мақсаты – домбырамен ән салу мамандығын меңгеретін оқушыларды қосымша аспаптарда ойнай білуге дайындау. Қазіргі заман талаптарына сәйкес музыкант бір аспапты ғана біліп қоймай , жан-жақты өзін дамытуы қажет.Білімді маман болу, өз кәсібінің жалпы мәнін тереңінен ұғыну, музыкалық өнердің жақсы бейнесін насихаттау керек.

«Аспаптық сүйемелдеу (домбыра)» пәні оқушының аспапқа деген ынтасын арттыру үшін, оны қызықтыратындай және ойналу жағынан аса күрделі емес шығармаларды таңдай отырып, сабақтарды жүргізу керек. Әнші аспапты еркін игере алса, оның өз шығармашылығын көрсетуге деген мүмкіндігі артады. Сондықтан өз ісіне лайықты жас маман дайындау басты – міндет.Бағдарламаның ең басты ерекшелігі деп домбыра аспабының төл репертуары – күй тарту өнеріне барынша көп көңіл бөлінуін айтар едік. Домбырадағы күйшілік өнердің дәстүрлі орындаушылық мектептеріне тоқталып аса күрделі емес күйерді нақышына келтіріп ойнау. Болашақ маманның ырғақ сезіну, дыбысты таза есту, ән-күйді тез арада есте сақтау сияқты қабілеттерінің артуына ықпал жасау жұмысы бағдарламаның репертуарлық құрылымында арнайы ескерілді. Музыкалық шығармашылыққа деген оқушылар сүйіспеншілігін ояту білу, ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді құрметпен карауға баулу. Әр студентке берілетін жеке бағдарлама оның күйшілік қабілетіне, музыканы қабылдау қарамына, шеберлік деңгейіне байланысты өзгеріп тұруы заңды құбылыс. Бағдарламада көрсетілген ән-күй, шығармалар құрылымдық және орындаушылық қиындықтарына орай сұрыпталды.

## 2. Пәнді оқытуда жоспарланған нәтижелер

| Стандартта және білім беру бағдарламасында жоспарланған оқыту нәтижелері | Оқу бағдарламасында жоспарланған оқу нәтижелері |
|---|---|
| Білім алушылар келесі құзіреттіліктерге ие болуы тиіс<br><br>**Базалық:**<br>БҚ 2. Алған білімін кәсіптік және де басқа қызметте қолдану;<br>БҚ 5. Кәсіби сөздік қорын сауатты қолдану, өзінің кәсіптік қызметінде шет тілдерінен біліктілігін қолдана білу;<br>БҚ 8. Өз мамандығының маңыздылығы мен мәнін түсіну, оған тұрақты қызығушылық көрсету;<br>БҚ 9. Орындайтын жұмысына жауапкершілікпен қарау, өздігінен кәсіби қызмет саласындағы мәселелерді шешу. | Пәнді игеру нәтижесінде білім алушылар:<br>**Біледі:**<br>- қазіргі заманғы педагогика талаптарын;<br>- кәсіби сөздік қорын;<br>**Істей алады:**<br>- нақты жағдайда қойылған міндеттерді шешу кезінде педагогикалық және орындаушылық қызмет саласында алған білімін жүзеге асыра білу.<br>**Дағдыларын қалыптастырады:**<br>- заманауи талаптарды ескере отырып кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу;<br>**Сұрақтарында құзіретті:**<br>- кәсіби қызмет саласындағы этикалық және заңға сүйінген нормалар; |
| **Кәсіптік:**<br>КҚ 6. Аспаптардың даму тарихы туралы теориялық білімді қолдану;<br>КҚ 7. Танымал орындаушылардың педагогикалық үрдістерін, аспапта оқыту әдістерін қолдану; | **Біледі:**<br>- аспаптың шығу тарихы және дамуы;<br>- музыкалық тіл және олардың өзара қатынастарының маңызды элементтері;<br>- аспапта ойнау ерекшеліктері;<br>- репертуар;<br>- музыкант – орындаушының жалпы көзқарасын кеңейту, орындаушылық шеберлігін дамыту жолдары;<br>**Істей алады:**<br>- кіші формадағы күрделі емес музыкалық шығармаларды орындау;<br>- парақтан оқып ойнау;<br>- орындаушылық процесс барысында теориялық |

| | |
|---|---|
| | кәсіби білімін қолдану;<br>- орындайтын шығарманың көркемдік ойын жеткізу мақсатында ең тиімді техникалық әдістерді таңдау;<br>**Дағдыларын қалыптастырады:**<br>- концерттік – орындаушылық қызметін;<br>- қазіргі заманғы оқыту әдістемесі;<br>**Сұрақтарында құзіретті:**<br>- теориялық және практикалық білімдердің жүйелігі;<br>- педагогикалық және көркемдік құндылықтар ұстанымындағы репертуарды қалыптастыру; |
| **Арнайы:**<br>АҚ 14. Аспаптық шығармаларды үйрену кезінде өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын игеру;<br>АҚ 16. Домбыра аспабының негізгі ойнау әдістерін меңгеру; | **Біледі:**<br>- аспаптың құлақ күйін келтіру;<br>- орындаушылық аппаратының қойылымы, негізгі ойнау әдістері, штрихтарды және аппликатураны;<br>- негізгі көркемдік орындау элементтері;<br>- әртүрлі стильдердегі кезеңдер және бағыттардағы композиторлардың шығармалар репертуарын, кәсіби терминологиясын;<br>**Істей алады:**<br>- кіші формадағы күрделі емес шығармалар орындау ;<br>- әртүрлі стильдегі шығармалардың көркемдік ерекшелігін түсіну және орындау техникасын меңгеру;<br>- көркемдік мазмұнын ашу үшін қажетті техникалық ойнау әдістерін түсіндіру;<br>**Дағдыларын қалыптастырады:**<br>- парақтан оқу;<br>- домбырада еркін ойнай білу;<br>- көркемдік мақсаттарының жетістігі үшін есту қабілетін бақылауды дамыту, техникалық аппаратын жетілдіру;<br>**Сұрақтарында құзіретті:**<br>- орындау барысын басқару;<br>- дыбыс шығару мәдениетін тәрбиелеу;<br>- көркемдік талғамның тәрбиеленуі және шығармашылық ынтаның, орындаушылық еркіндігінің дамуы; |

## 3. Пәннің тақырыптық жоспары және мазмұны

### 3.1 Пәннің тақырыптық жоспары

| № п/п | Тақырыптар мен бөлімдердің атауы | Оқыту уақытының саны | Шығармалар саны |
|---|---|---|---|
| | 5- сынып | | |
| | **I бөлім. Аспаптың құрылымы** | 34 | Орындауға жеңіл саналатын халық әндері мен күйлері 3-6 |
| 1. | **1.1 тақырып** Аспаптың құрылымы, ноталардың аспапта орналасуы | | |
| 2. | **1.2 тақырып** Оң және сол қолдың қойылымы, ойнау кезінде аспапты еркін меңгеру жолдары | | |
| | 6- сынып | | |
| 3. | **II бөлім** Негізгі ойын әдістері. Орындаушылық ерекшеліктер. | 34 | 8-10 |
| 4. | **2.1 тақырып** Буынмен ойнау, төмен және жоғары қағыс, пиццикато | | |
| 5. | **2.2 тақырып** Аралас ,қара қағыс . | | |
| | 7- сынып | | |
| 6. | **2.3тақырып** Ырғақ түрлері | 34 | 8-10 |
| 7. | Техникалық шеберлікті арттыру | | |
| 8. | Әртүрлі мектептерді меңгеру | | |
| | 8- сынып | | |
| 9. | **III бөлім Парақтан оқу,шағын күйлер** | 34 | 10-12 |
| 10. | **3.1 тақырып** Парақтан оқу дағдылары мен әдістерінің дамуы,тербеліс,нақышына келтіріп күй ойнау | | |
| 11. | **3.2 тақырып** Төкпе және шертпе дәстүріндегі күй тартып үйрену. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| 9- сынып | | | |
| 12. | **3.3 тақырып**<br>Теріс бұраудағы күйлер | 34 | 10-12 |
| 13. | Шығармашылық орындаушылықты арттыру. | | |
| 14. | Дәстүрлі орындаушылықты қалыптастыру | | |
| **Барлығы пән бойынша:** | | **170 сағат** | |

### 3.2 Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының жоспары

Аспаппен сүйемелдеу пәнін оқыту – оқушыны жан-жақты дамыта түседі . Болашақ әнші домбыраны еркін меңгеріп, сонымен қатар дәстүрлі күй мектептерінің күйлерін орындауға дағдыланады.

**І бөлім. Аспаптың құрылымы**

**1.1 тақырып. Аспаптың құрылымы, ноталардың аспапта орналасуы.**

Аспаптың құрылымымен танысу, оның оркестр, ансамбльдерде алатын орны туралы мағлұмат беру.Домбыраның шығу тарихы. Аспап бойында ноталардың орналасуымен таныстыру және жаттығулармен жұмыс жасау.

**1.2 тақырып. Оң және сол қолдың қойылымы, ойнау кезінде аспапты еркін меңгеру жолдары.**

Аспапты меңгеруде алғашқы оң және сол қолдардың қойылымы. Дыбыс шығару жолдарының негіздерін меңгеру.Аспаптың ерекшелігімен танысу.

**ІІ бөлім. Негізгі ойын әдістері. Орындаушылық ерекшеліктер.**

**2.1 тақырып. Буынмен ойнау,төмен және жоғары қағыс , пиццикато.**

Негізгі ойын әдістерімен танысу және оларды орындау түрлері. Орындаушылық ерекшеліктер – пиццикато,шертіп ойнау ,төмен және жоғары қағыста қолдың күшін дұрыс жұмсау.

**2.2 тақырып. Аралас ,қара қағыс .**
Әр қағыстың ерекшелігі, ойнау тәсілдері.Осы қағыс түрлеріндегі шағын күйлер.

**2.3 тақырып. Ырғақ түрлері**
Күй өнерінде жиі кездесетін пунктирлі ырғақ және қолданылатын штрихтар синкопа ,такт ішіндегі ,такт аралық синкопаны дұрыс ойнау жолдары .Лига, қойылған ноталарды домбырада орындаудың негізгі әдісі.
**Техникалық шеберлікті жетілдіру. Әртүрлі жаттығулар орындау.Әр мектептерден күйлер меңгеру.**

**III бөлім. Парақтан оқу , шағын күйлер**
**3.1 тақырып. Парақтан оқу дағдылары мен әдістерінің дамуы.**
Музыкалық шығармаларды, күйлерді бірден оқып ойнауға дағдыландыру. Көру, тез қабылдау қабілеттерін арттыру.Күйді нақышына келтіріп , мазмұнын аша түсу үшін тербеліс жасап үйрету.Ол орындаушылық дәстүрге орай сол қолдағы саусақ,буын немесе білек көмегімен орындалады.
**3.2 тақырып . Шертпе және төкпе дәстүрдегі күйлер**
Төкпе күйдегі оң қолдың қағу тәсілдері ,осы дәстүрде қолданылатын аппликатуралар .Буындармен сағаны меңгеру .Шерпе күйдің ерекшелігі.Ойнау тәсілі,оң қол қойылымы ,оң қол күшін дұрыс бағыттау .
**3.3 тақырып .Теріс бұраудағы күйлер**
Домбыраның құлақ күйін теріс бұрауға келтіріп үйрену.Негізгі әуеннің басымдылығын қадағалау.Қос ішектегі дыбыс теңдігін сақтау . Шығармашылық орындаушылықты қалыптастыру. Сапалы орындауға тырысу. Дәстүрлі күй мектебінің орындаушылық ерекшеліктерін үйрету.

**Үлгілік репертуарлық тізім**

**5- сынып**
1. Халық әні «Еркем-ай»
2. Қазақтың халық әні «Желбір жекен
3. Халық күйі «Кеңес»
4. Халық күйі «Келіншек»
5. Т. Естаев «Этюд
6. Дәулеткерей «Қосалқа»

**6- сынып**

| | |
|---|---|
| 1.Дина | «Той бастар» |
| 2.М.Әубәкіров | «Өрнек» |
| 3.Жаяу Мұса | «Ақ сиса» |
| 4.Ақбикеш | «Айнам қалды» |
| 5.Халық күйі | «Телкүрең» |
| 6.Х.Тастанов | «Би күйі» |
| 7.Қазанғап | «Учитель» |
| 8. Мәди | «Үшқара» |
| 9.Халық күйі | «Тепең көк» |
| 10. Халық күйі | «Айда былпым» |

**7 – сынып**

| | |
|---|---|
| 1. Халық күйі | «Кербез қыз» |
| 2.Құрманғазы | «Аман бол шешем» |
| 3.С.Тұрысбеков | «Көңіл толқыны» |
| 4.А.Жұбанов | «Қарлығаш» |
| 5.Біржан сал | «Көкек» |
| 6.Үкілі Ыбырай | «Гәкку» |
| 7.Халық күйі | «Сары өзен» |
| 8.Халық күйі | «Көк дөнен» |
| 9.К.Күмісбеков | «Өмір жолы» |
| 10Халық күйі | «Қара жорға» |
| 11.Қ.Ахмедияров | «Қосбасар» |

**8- сынып**

| | |
|---|---|
| 1. С.Құсайынов | « Мереке» |
| 2.С.Тұрысбеков | « Ақ жауын» |
| 3.Тәттімбет | «Қосбасар» |
| 4.Сүгір | « Ыңғай төк» |
| 5.Сүгір | « Кер толғау» |
| 6.Құрманғазы | «Бозшолақ» |
| 7.Құрманғазы | « Адай» |
| 8.Құрманғазы | « Қайран шешем» |
| 9.Құрманғазы | « Балбырауын» |
| 10. Дәулеткерей | «Жеңгем сүйер» |
| 11.Ә.Желдібаев | «Ерке сылқым» |

| | |
|---|---|
| 12.Байжігіт | «Көксерке» |
| 13.А.Жайымов | «Желдірме Қосбасар» |
| 14.Дайрабай | «Дайрабай» |

**9- сынып**

| | |
|---|---|
| 1. Дәулеткерей | « Құдаша» |
| 2. Құрманғазы | «Қызыл қайың - серпер» |
| 3. Дәулеткерей | « Көроғлы» |
| 4.Н.Тілендиев | «Арман» |
| 5.Құрманғазы | «Ақсақ киік» |
| 6. Қыздарбек | « Сылқым қыз» |
| 7.Қазанғап | «Құс қайтару» |
| 8.Тәттімбет | « Бестөре» |
| 9.Момбеков | «Салтанат» |
| 10.Кәлек | «Арман» |
| 11.Абыл | «Абыл» |
| 12.Абыл | « Нарату» |

## 4.Оқытудың жоспарланған нәтижелерін бақылау

«Аспаптық сүйемелдеу» пәні 5 – 9 сыныптарда жүргізіледі. Әр оқу жылының аяғында оқытушы оқушының аспапты меңгеруіне байланысты қорытынды сабақ өткізіп, оқушының білімін бағалайды.

Оқытудың соңғы айында оқушы оқытушының таңдауы бойынша орындаушылық көрсету үшін жыл бойында жеке үйренген репертуарлық тізімнен әртүрлі форма мен жанрдағы бір шығармадан көрсетуі қажет.

### Оқушыны бағалау шарттары:

- Аспапта ойнап көрсету және құлақ күйін білу;
- Жатқа білетін ән немесе күйді орындау;
- Аспаптың құрылымы, диапазоны, орындаушылық мүмкіншіліктері туралы,сонымен қатар негізгі ойнау әдістері, штрих және аппликатура жөнінде сұрақтарға ауызша жауап беру ;

## 5.Әдебиеттер және оқыту құралдары


1. Қ.Ахмедияров «Шынар»
2. А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы «Күй қастерлі әуез»
3. С.Бүркітов, А.Жайымов «Домбыра үйрену мектебі»
4. М.Айтқалиев «Домбыраға арналған хрестоматия»
5. Ө.Спанов «Домбыра үйренейік»
6. А.Райымбергенов «Қазанғап Ақжелең»
7. Н.Шегебаева «Домбыраға арналған шығармалар»
8. Т.Қышқашбаев «Домбыра үйрену мектебі»
9. А.Тоқтағанов «Күй – тәңірдің күмбірі»
10. Б.Ысқақов «Сарыарқа саздары»


**Оқыту құралдары:**

1. Музыкалық аспап
2. Оқу – әдістемелік әдебиеттер
3. Ноталар кітапханасы
4. Интернет – технологиялар